

«Ланкастерская» трилогия открывается «Ричардом II». Если в «Генрихе VI» гражданская война развязана феодалами, то в «Ричарде II» Шекспир рисует всенародное восстание против негодного короля, оказавшегося неспособным править своей страной. Ричард раздаривает Англию фаворитам и потому:

Надвинув шлем на облысевший чепер,

*Восстали старики на вашу власть.
Мальчишки, говорить стараясь басом,*

*Напялили доспехи не по росту,
Чтобы идти войной на ваш престол.*

*Пономари и те хотят сражаться
И даже пряжи ржавою секирой
Замахиваются на скипетр ваш,
И стар и млад бунтуют против вас.*

Шекспир показывает, что против преступного короля восстали старики, дети, женщины, священники, то есть те, кто обычно в стороне от войн. Этим он подчеркивает экстраординарность ситуации, которая пробудила от сна все и вся. Поэтому на смену Ричарду идет Генрих Болингброк, будущий Генрих IV. Перед Шекспиром стояла щекотливая задача оправдать свержение Ричарда и узурпацию престола ланкастерской династией. Поэтому драматург показывает, что не Генрих, но вся Англия свергла Ричарда. И для Шекспира важнейшим деянием Генриха станет победа над мятежными баронами при Шрусбери. Это то, чего ждет от него английский народ – прекращение смуты в стране, предотвращение ее развала. Шекспир показывает сцену, где бароны делят

карту Англии. Акценты в драме поставлены четко: народ не поддерживает мятежи, инстинктивно понимая, что в единстве страны – ее сила, способная защитить их от любого иностранного вторжения.

В «ланкастерской» трилогии великий драматург ставит вопрос об «идеальном» монархе. Генрих 4 не дотягивает. Шекспир показывает его «обратную» эволюцию. Но его сын «беспутный» принц Гарри, наоборот, из гуляки превращается в монарха, наиболее близкого к шекспировскому идеалу.

История Англии научила Шекспира оптимизму. В своих трагедиях, появившихся в начале XVII века, он никогда не позволит негодню торжествовать. Победы персонажей, прообразом которых можно назвать Ричарда III, всех этих клавдиев, яго и эдмундов временны. Финалы трагедий «Отелло», «Гамлета», «Короля Лира», «Макбета» завершаются полным крахом тех честолюбцев, для которых «закон нам – меч». История Англии дала великому драматургу богатейший материал, подтверждающий гуманистический вывод его произведений.

ЛИТЕРАТУРА

1. Барг М.А. Шекспир и история. М., 1979.
2. Шведов исторические хроники Шекспира. М., 1964.
3. Пинский Л. Шекспир. М., 1979.
4. Урнов М.В. Шекспир. Его герой и его время. М., 1969.

Садуақасов С.Ө., магистрант

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ РИТМИКАЛЫҚ-ИНТОНАЦИЯЛЫҚ БІРЛІГІ (Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері)

Тіл – қарым-қатынас жасаудың мықты құралы. Сол қызметін атқа-

руда ол жеке формалардан құралған, жалпыға ортақ жеке сөздерге негіз-

делген сөйлеу тәсілдерін керек етеді. Сондай ойды айтудың (сөйлеудің) ең басты тәсілі – сөйлем.

Кісі сөйлем арқылы біршама аяқталған ойын айтуға жеке сөздерді қатынастырады. Сөздер адамдардың айналасындағы объективті шындықты тануының сана-сезіміне түскен сәулесі ретінде сөйлем құраудың материалы, ойлау процесінің тірегі болып есептеледі. Сөздер сөйлем құрамында жұмсалыу үшін өз ара әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланыста айтылады да белгілі қарым-қатынасқа енеді.

Лексикалық мағыналары әр алуан негізгі сөздер ғана сөз тіркестерін құрай алады да, көмекші сөздер тек негізгі сөздердің жетегінде айтылып сөз тіркесінің құрамына енеді. Сөздер, әдетте, дараланған ұғымдарды, лексика-грамматикалық мағыналарды білдіреді. Олар сөйлем ішінде мағыналық үйлесімдіктеріне қарай, тілдің синтаксистік байланыс тәсілдері арқылы әр қилы синтаксистік топ құрап тұрады. Сөздер тіркеске еңбесе, сөйлем құраудың материалы бола алмайды. Сондықтан сөз бен сөздің тіркеске енуі – олардың ең басты грамматикалық қасиеттерінің бірі болып есептеледі. Сөз тіркестері басыңқы сыңарларының есімді және етістікті болып келуіне қарай: есімді және етістікті сөз тіркестері болып бөлінеді. Есімді сөз тіркестері сөздердің қабыса, матаса және меңгеріле байланысу нәтижелерінде ритмикалық әуенділікті, ырғақтылықты ескеріп отырады.

Есімді сөз тіркестерінің бұл түрі құрамы жағынан әр алуан болып келеді. Олардың басыңқы сыңарлары, әдетте, зат есім не субстантивтенген сын және сан есімдер болады да, бағыныңқылары есімдер мен есімшелердің бірі болады, мыс: *жуас түйе, кең қора, бес кілем, көгерген дала, осы аудан; кілең сұлулар, ертедегі жуандар* [1.20].

Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерін құрауға қандай-қандай сөздер қатысатынына қарай: зат есім-

ді тіркестер (*мал қора, алтын сағат, қос ауыз мылтық*), сын есімді тіркестер (*көк шөп, семіз қой, епті кісі, социалистік жарыс, қос ішекті домбыра*), сан есімді тіркестер (*он бие, үш күн, сегізінші мектеп, бір жүз отыз бесінші завод*), есімдікті тіркестер (*мына бала, осы жер, бұл мәселе*), есімшелі тіркестер (*ұшқан құс, білген кісі, кездесетін жер, айтар сөз*).

Зат есімді тіркестер

Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің жиі қолданылатын бір түрі – зат есімнен құралатын тіркестер. Екі зат есім атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады, мыс: *алтын сағат, ағаш күрек, жібек орамал* т.б.

Осындай тіркестер көбінесе екі зат есімнен құралады да, олар өз ара әр уақытта анықтауыштық қатынаста айтылады, бірақ олардың бағыныңқылары сөйлемнің күрделі мүшелерінің құрамына еніп кетуі мүмкін, мыс: *пұшпақ бөрік, алтын жұлдыз, қол тиірмен, қамыс құлақ* [1.21].

Осы тәрізді, қатар тұру арқылы бірін-бірі анықтайтын зат есімдер тобы екі, үш, кейде төрт сөзден құралуы мүмкін: *темір қанат балапан, қой көз бала, шоқпар бас темір таяқ, су жаңа жібек кілем, қос ауыз мылтық, бір қора қой*.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда әрбір анықтауыштық тіркес фразалық (ритмикалық) бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады. Синтаксистік байланыста айтылып, мағыналық топ болып тұратын сөз тіркестері түркі тілдерде, оның бірі қазақ тілінде, көбінесе екі (кейде одан да көп) сөздің қатар тұруы арқылы жасалады.

Екі сөзді қалай болса солай қатар қоя салудан сөз тіркесі жасала бермейді. Өйткені есімдерден құралған тіркестер тобына кез келген зат есім ене бермейді. Оған өз ара мағыналық байланыста бола алатын сөздер, тілде

солай айтылып үйреншікті болған сөздер ғана енеді. Сондықтан *тас жол, темір күрек, қол сағат* деп айтылады да, керісінше, *жол тас, күрек темір, сағат қол* деп айтылмайды (орын ауыстырып айтуға болатын жағдайда басқа мағыналық қатынасты білдіреді, мысалы: сағат қалта – қалта сағат, көз әйнек – әйнек көз). Зат есімдерден болған сөз тіркесінің бірінші сыңары көбінесе конкретті, материалды заттың аты, кейде солай ұғынылатын басқа есімдер болады. *Күш, өнер, өнеге, қайрат, әрекет, айла, айбат, сес, ұйқы, тәртіп, абырой, кінә, түс, обал* сияқты абстракты зат есімдер сол түбір қалпында ол топтың бірінші сыңары болып айтылмайды. [3.43].

Бірқатар зат есімдер жалаң қалпында тіркеспейді де, олардың алдында ұзын, келте, биік, шолақ, қаба сияқты сын есімдері болса, тіркеседі, мыс.: ұзын құйрық жылан, келте құйрық ат, биік өкше етік, шолақ етек белсенді, қаба сақал шал.

Мұндай күрделі сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары кейде тұрақты тіркес болады да (мыс.: қалқан құлақ, бұлан құйрық, қаба сақал, салпы ерін), кейде бірін-бірі анықтайтын еркін тіркес құрамында жұмсалады.

Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің мағыналық қатынастары әр түрлі: кейде екі зат есім тіркесіп бір заттың қандай заттан істелгенін білдірсе (мыс.: күміс сағат, темір пеш), кейде не үшін жұмсалатынын (мыс.: өкше біз, кір сабын) т.б. мағыналарды білдіреді. Олардың қандай мағынада жұмсалуды құрамында сөздердің түр-түрі болуымен байланысты. Мысалы, қол сағат – қолға тағатын сағат, электр сағат – электр күшімен жүретін сағат; тас жол – тас төселген жол, тас балға – тасты тегістеу үшін жұмсалатын балға, тас жүрек – жүрегі тастай, мейірімсіз деген мағынада.

Сын есім мен зат есімдерден құралған сөз тіркестері

Дүниеде әр алуан зат болса, сол заттардың бірін екіншісінен айыратын

не көбіне ортақ сыны, сапасы болады, Заттардың сондай ерекшеліктерін білдіретін сөздер – сын есімдер. Олар заттың сындық, сапалық қасиеттерін білдіретін сөздер. Өйткені затсыз сын жоқ, сынсыз зат жоқ. Сондықтан сын есімдер мен зат есімдер біте қайнасып, бірі екіншісіне қатысты болып, есімді сөз тіркестерінің үлкен тобын құрайды. Бұл құрамда сын есімдер сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде, анықтауыштық қатынаста зат есіммен қабыса байланысады. Анықтауыштық қатынастағы сын есімдер мен зат есімдер тобы әр түрлі сөздерден құралатындықтан, солардың лексикалық мағыналарының ерекшеліктеріне сәйкес сөз тіркестерінің анықтауыштық мағыналары да әр алуан болады. Осындай, әр түрлі мағынада жұмсалатын сын есімдер кез келген зат есіммен тіркесе бермейді және барлық сын есімдердің зат есімдермен тіркесу қабілеті бірдей емес. Мысалы, тілемсек деген сөз адамның ғана сынын білдіреді. Сондықтан оны тілемсек кісі, тілемсек бала, тілемсек шал сияқты құрамда айтуға болады. Сол сияқты, асау сөзін асау ат, асау бие, асау тайлақ сияқты құрамда айтуға болады да, асау бала, асау шал, асау тау деп айту ерсі болады. Оның себебі әрбір сын есімнің білдіретін лексикалық мағынасы белгілі затқа (не заттарға) тән сапа болады. Сондықтан, мысалы, қисық сөзін қисайтуға болатын заттардың, асау сөзін көлік малын білдіретін заттардың сапасы деп айтуға болады.

Көркем әдебиетте, ондай, белгілі ғана заттың сапасын кейде мағыналық үйлесімі кем басқа затқа теліп, сол арқылы сөз тіркесінің мазмұнын көрікті етіп әсірелеуге болады, мыс.: *асау жүрек, асау толқын, жалынды жас, әсем өмір, сұлу сөз* [2.16].

Заттың түсін білдіретін сын есімдерді кез келген сондай түсі бар затпен еркін тіркестіре беруге болады, мыс.: *ақ қағаз, ақ қар, ақ гүл, ақ бидай, көк шөп, көк қағаз, көк бояу,*

көк аспан. Бұл жағынан малдың түсін білдіретін сын есімдердің жұмсалығында үлкен айырмашылық бар: біріншіден, ақ, көк, қара, қызыл, тарғыл, жирен түстерді мал аттарымен тіркестіргенде, олардың түсі басқа заттардан ерекше болып ұғынылады; екіншіден, ондай түстердің бәрін бірдей барлық малдың түсі ретінде қолдануға болмайды.

Сапалық сын есімдер мен зат есімдер еркін тіркес құрамында сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары түбір қалпын өзгертпейді де, басыңқы сөзі түрлі тұлғада айтыла береді. Бірақ соңғының жалғаулы болуының бұл сөз тіркесіне ешқандай қатысы болмайды.

Салыстырмалы шырай сындық сапаның басқа заттың сапасынан артық-кемдігін білдіру үшін жұмсала-тындықтан, ондай шырай тұлғалы сын есімдер зат есімдермен қабыса байланысқан тіркес құрамында онша көп айтылмайды. Олар сол салыстырмалы шырай мағынасында көбінесе баяндауыш қызметінде жұмсалады, мыс.: *үлкендеу бөлмеге екі адам кірді. Бұл бөлмеміз ана бөлмеден үлкенірек.* Күшейтпелі шырай өзі қатысты заттың сындық сапасы әдеттегіден артық екенін білдіретіндіктен, зат есіммен қабыса байланысып есімді сөз тіркесінің құрамында өте жиі кездеседі. Ал салыстырмалы шырай жұрнақтары жалғанған сын есімдер зат есімді сөз тіркесінің құрамына ену үшін көбінесе «келген» көмекші етістігі арқылы ұласады, мыс.: *қып-қызыл қан, үп-үлкен қора; өте әсем қалалар, ең жақсы студент; биігірек келген үйлер.* Қатыстық сын есімдерді бөлек-бөлек алғанда, олардың зат есімдермен тіркесу қабілеті онша мол болмайды. Туынды сындар көбінесе белгілі зат есімдер тобымен ғана тіркесе алады, мыс.: *желсіз дала, бауырмал адам, шіңкілдек дауыс, талапты жас, ақылды бала.*

Сын есімдер, әдетте, зат есімдерге қатысты болатындықтан, зат есім-

нен жасалған туынды сын есімдердің де сапалық анықтауыштары бола береді. Басқаша айтқанда, сапалық сын есімдер қатыстық сын есімдермен тіркеседі; сонымен қатар зат есімдер туынды сын есімдермен, сын есімдер зат есімдермен тіркесіп, күрделі анықтауыштық топ құрайды: *Ұзын бойлы, талдырмаш денелі жігіт – Асқардың замандасы (Мұқанов). Бидай өңді, үріп ауызға салғандай келіншек есік алдына шықты. (Майлин).*

Сапалық сын есімдер сапалық сын есімдерге қатысты болып, лексикалық түйдекті тіркес тобымен зат есімге қатысып, туынды және күрделі сын есімдер зат есімдерді анықтап есімді сөз тіркестерін құрайды, мыс.: *қара торы жігіт, ақ сары бояу, көк ала қаз, қара ала бұлт; қасқыр ішікті мырзалар, сүттей жарық аспан, тастай қатты қол, қудай аппақ шап.*

Сын есімдер анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің басыңқы сыңары болуы да мүмкін. Ол үшін олар субстантивтеніп зат есімдердің қызметінде жұмсалады; мыс.: *Кебеже қарын жуандар, Сатылған байға суандар, Қосылып өңкей қу зәлім, Ыржақтап ардан шығып тұр (Сейфуллин).*

Сан есім мен зат есімдерден құралған сөз тіркестері

Лексика-грамматикалық мағыналары аян сөз табының бірі – сан есім. Олардың лексикалық мағыналарымен әуендес көп, аз, бір-ақ, бірталай, толып жатқан, ұшы-қиыры жоқ деген тәрізді сөздер мен сөздер тобы бар. Бұларды да кейбір ғалымдар сан есімдер қатарына қосады. Өйткені олар санмен айтуға болатын ұғымдардың орнына жүреді де, заттың санына қатысты сапаларын білдіреді. Сан есімдер зат есімдермен не олардың орнына жұмсалған басқа есімдермен қабыса байланысып анықтауыштық қатынаста жұмсалғанда, өздері қатысты есімдердің ең басты сандық сапасы ретінде бір санның басқа санмен алмасу шегі болмайды. Сондықтан оларды сын есімдермен салыс-

тырғанда, зат есімдермен тіркесу қабілеті күшті сөздер деп танылады, бірақ сан есімдер барлық зат есімдермен тіркесе бермейді, олар талдап, даралап санауға болатын заттармен тіркеседі де, бөлшектеуге келмейтін абстракты зат есімдермен тіркеспейді. мыс.: қой, ағаш, үй, адам, қалам, терезе сияқтылар бір топ та, қылық, жақсылық, мінез, қытық сияқтылар бір топ.

Сан есімдер тіркесе бермейтін, екінші топқа жататын зат есімдер: абстракты сапалық зат есімдер, мыс.: жақсылық, тазалық, жалқаулық, білімділік, сезімталдық, сұлулық, әсемдік, қорқақтық; қорқыныш, мінез, қытық, наз, әдет т.б.; процесті білдіретін абстракты зат есімдер, мыс.: гүрсіл, тарсыл, ызың, тартыс, жалғас, айтыс, қарбалас т.б.; қоғам құрылысы, ілімғылым аттарын білдіретін зат есімдер, мыс.: Феодализм, капитализм, социализм, коммунизм; марксизм, логика, психология, химия, биология, педагогика. Бұлардан басқа нақты заттармен сан есімдердің жинақтау тобынан өзге топтары еркін де, тұрақты да тіркес құрамында жұмасала береді.

Сан есімді сөз тіркестерінің сыңарлары тұлғалану жағынан біріне-бірі әсер етпейді. Басқаша айтқанда, тиісті грамматикалық тұлғалар басыңқы сөзге жалғануына қарап сан есім де тұлғаланбайды. Сонымен қатар сан есімдер арқылы заттың көптігін білдіргенмен, бағыныңқы қызметтегі зат есімдер көптік жалғауда айтылмайды, мыс.: *бес кісінің екеуі, он үйден бір уәкіл, ол алты кісі сыйлық алды; он ешкі, қырық саулық, мың қой, оныншы мектеп, алтыншы бригада* [1.23].

Жинақтау сан есімдерден басқа сан есімдердің бәрі де анықтауыштық қатынаста санауға, есептеуге болатын заттардың атын білдіретін сөздермен тіркескенде, есептік сандар заттардың қанша екенін білдірсе, реттік сандар заттың сан ретін нешінші екенін білдіреді. Болжалды сандар есімді сөз тіркесінің құрамында заттың сандық са-

пасын шама мөлшері ретінде көрсетеді. Олжабек үш жүздей жылқыны айдап келеді (Мұстафин).

Сан есімдер субстантивтенген сапалық сын есімдерге бағынып та анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестері жасалады; мыс.: екі жақсы, үш еріншек.

Олар қатыстық сын есімдермен тіркесіп күрделі сөз тіркесін жасайды, мыс.: қос ішекті домбыра, екі аяқты жәндік, үш балалы ана, сұр шекпенді, еңкек денелі жігіт.

Есімше мен зат есімнен құралған сөз тіркесі

Есімше – зат есімнің қимылдық сыны. Ол сын есім сияқты септеледі, тәуелденеді, көптік жалғауды қабылдайды. Есімшелер сын есімдер сияқты зат есімдермен қабыса байланысып анықтауыштық сөз тіркестерін құрастыруға жиі қатысады. Сөйтіп, заттардың анықтауыштары болу жағынан да олар сын есімдерге ұқсас. Айырмашылығы – сын есімдер заттардың түсін, түр-тұрпатын, сапасын білдірсе, есімшелер олардың қимыл процесін, қимылдық сапасын білдіреді. Есімшелер есімді сөз тіркестерінің құрамында өздері қатысты заттардың не ісі-әрекеті, күйі есебінде не тек тосыннан қосылған қимылдық қалпы ретінде жұмсалады, мыс.: *келген кісі, шақырған бала, сайраған бұлбұл, көгерген шөп; жайнаған дала, қызарған аспан*.

Есімшелердің ішінде зат есімдермен берік байланыста жиі кездестіндері -ған тұлғалы есімшелер. Бұлар сол құрамда өткен шақтық та, жатыс жалғаулы сөзді меңгерген есімше, осы шақтың та мағыналарда зат есімдердің арнаулы қимыл процесін білдіреді, мыс.: маңыраған қой, күлген бала, жиналған жұрт, ұшқан құс; үйде отырған бала, жерде жатқан таяқ.

Есімшелер үйірлі тіркес құрамында және оларға қатысты үстеулер мен септік жалғаулардағы есімдер, есімше тұлғалы көмекші етістікке қатысты есімдер күрделі сөз тіркес-

терінің құрамына енеді: *Бояуы көшкен қарақожалақ пеш, жерге төсеген шоқпым құрым киіз, босағада тұрған сөре.*

Есімшелер дара күйінде де, жетегіндегі сөздер тобымен де субстантивтенген сын, сан есімдерге қатысып, есімді сөз тіркестерін құрауы мүмкін: Сөйлей білмес жамандар сөзді өзіне келтірер (мақал). Оқуға ынталанбайтын жас бар ма қазір (Мұқанов). Үйде сәлде киген біреу отыр (Көбеев). ...көзі адырайып, адам бейнесі кеткен біреу есіктен кірді (Майлин).

Сонымен, есімше тұлғалы етістіктер басыңқыдағы заттардың қимыл-әрекет және қалып-күй белгілерін анықтайды. Есімше тұлғалы етістік басыңқыдағы зат есіммен грамматикалық жақтан есімше жұрнағы арқылы етістіктің процессуалдық (вербалдық) грамматикалық мағынасының үстіне шақтық мағынамен қоса сындық (адъективтік) мағынаның үстелуінен пайда болатын тіркесімділік мағына арқылы байланысады [4. 3].

Есімдіктер мен зат есімдерден құралған сөз тіркестері

Есімдіктер – орынбасар сөздер. Олар көбінесе есімдердің орнына жұмсалатындықтан, олардың сөз тіркестерін құрауға қатысын да сол есімдердің орайына қарай болжауға болады. Негізінде зат есім, сын есім, сан есімдер қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болатынындай, солардың орнына жұмсалатын сұрау есімдіктері (қандай, қай, қанша, неше, нешінші), затты нұсқау үшін жұмсалатын сілтеу есімдіктері және заттың қосынды сапасын білдіретін жинақтау есімдіктері қабыса байланысқан анықтауыштық сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары болып жиі кездеседі.

Бұл құрамда ерекше көзге түсетін есімдіктер деп сілтеу есімдіктерін айтуға болады. Олар заттардың алыс-жақындық, дәлдік қасиетін білдіру үшін кез келген зат есіммен

тіркесе береді, мыс.: мына ат, ана тау, ол бала, сонау дала; осы пікір, бұл сөз.

Сұрау есімдіктері зат есімдермен қабыса байланысып, сөз тіркестерінің анықтауыштық сыңарлары болғанда, зат есімдердің сындық, сандық сапаларын айқындауды тілейді, мыс.: қандай кісі?, қай қала?, қанша саулық?, неше үй?. Жинақтау есімдіктері зат есімдермен қабыса байланысып, есімді сөз тіркесінің құрамына енгенде, зат есімдердің жинақталған жалпылама мөлшерін білдіреді, мыс.: бүкіл дүние, барлық жұрт, күллі халық, бүтін әлемге.

Өздік есімдік те зат есімдермен қабыса байланысып, сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары бола алады. Ондай есімді сөз тіркесінің басыңқы сыңарлары тәуелдік жалғаулардың бірінде өздік есімдік жалғаусыз ілік септігінде айтылады, мыс.: өз үйім, өз шешем, өз баласы, өз сөзі.

Үстеулер мен есімдерден құралған сөз тіркестері

Үстеулер – өздерінің лексикалық мағыналарына лайық заттың қимыл процесін айқындайтын сөздер, Солай болғандықтан олар көбінесе етістіктерге қатысты болып, етістікті сөз тіркесінің құрамында жиі қолданылады. Сонымен қатар олар есімді сөз тіркестерінің де құрамына еніп, олардың бағыныңқы бөлшегі қызметінде жұмсалады. Үстеулердің есім сөздермен тіркесуі кездейсоқ құбылыс емес, әдеби тілде әлсін-әлсін кездесіп отыратын елеулі құбылыс. Бірақ үстеулердің бәрі емес, тек мезгіл үстеулері есімді сөз тіркестерінің құрамына ене алады. Олар сөйлем ішінде зат есім, сын есім, сан есім және бар, жоқ сөздеріне қатысты болып, солармен қабыса байланыста көп ұшырайды, мыс.: бүгін жайлауда, енді көңілді, қазір жас, биыл жетіде, бүгін бар, ертең жоқ.

Бұл мысалдардағы сөз тіркестері мағыналық байланысы берік сөздердің үйлесуі негізінде жасалмаған, олар бүгін келді, енді айтады, қазір бара-

мын сияқты тіркестер емес, мағыналық байланыс арқауы бос тіркестер. Олай дейтін себебіміз – мезгіл үстеулері есімдермен тіркескенде, олардың тіркесу қабілеті айқын болғандықтан және мағыналық байланысы берік болғандықтан тіркеспейді, сөйлемнің жалпы мазмұны керек ететіндіктен ғана есімді сөйлемнің құрамына еніп, есім баяндауышқа мезгілдік мағына үстеу үшін тіркеседі.

Міне, кез келген сөз сөз тіркесінің құрамына ену барысында ритмикалық үндестілікті сақтайды және бұл сөздердің байланысу барысындағы басты үйлесімділік десек те болады. Соның ішінде, қабыса байланысқан, яғни еш қосымшасыз байланысқа түскен сөздер арасындағы әуенділік, ырғақтылық интонация арқылы жүзеге асырылады. Әрине, тіл-

дің заңдылығы негізінде қарастыратын болсақ, сөздер арасындағы ритмикалық-интонациялық бірлік немесе сөйлеу тактысы деуге болады. Бұл деп отырғанымыз сөздердің синтагмалық қатынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. А., Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1967.
2. Қ.Шәукенұлы. Синтаксис. А., «Арыс» баспасы, 2004.
3. М.Балақаев, Т.Сайрамбаев. Қазіргі қазақ тілі (сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі). А., «Білім» баспасы, 2004.
4. Нұрмұхаметова Қ.Т. «Есімше+Зат есім» үлгісіндегі сөз тіркестерінің синтагмалық ерекшеліктері. Қостанай. 2002.

Самошкина Л.Н., доцент

Костанайский государственный педагогический институт

КОНЦЕПЦИЯ МИРА И ЧЕЛОВЕКА В СИМВОЛИЧЕСКОЙ ДРАМЕ МОРИСА МЕТЕРЛИНКА

Европейский театр конца XIX – начала XX века – явление достаточно яркое и самобытное. Традиции так называемой «новой драмы» закладываются с 1870-х годов. В недрах «новой драмы» рождается символическая драма, которая неотделима от общего движения литературы символизма, в рамках которой сложно сочетаются элементы романтизма, натурализма, неоромантизма, неоклассицизма, экспрессионизма (в начале XX века) и, конечно же, собственно символизма.

Символизм в театре заявил о себе самостоятельно, как программное явление – в особенности у Метерлинка, и как фактор эволюции крупнейших драматургов эпохи – Х.Ибсена (позднее творчество), Г.Гауптмана («Затонувший колокол», «Шлюк и Яу»), А.Стриндберга (позднее творчество).

Проблематику символической драматургии можно представить как конфликт «жизни» и «сна», внешних и внутренних форм жизни, грезы и реальности, сознательного и бессознательного, свободы и несвободы. Особая роль отводится состояниям: Любовь, Смерть, Ожидание.

Исследуя драматургические и театральные возможности загадки Человека и страстей Человеческих, символисты обращались к самым разным жанрам. Это – модернизированная античная драма («Электра», «Эдип и сфинкс», «Царь Эдип» Г. фон Гофманстала, «Меланиппа-философ», «Царь Иксион» И.Анненского), варианты пасторали («Дочь Иорио» Г.Д. Аннуцио), историческая и костюмированная драма («Монна Ванна» М.Метерлинка, «Павел I», «Александр I» Д.Мережковского), мистерии